

## Жаңаталап ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Жаңаталап ауылы әкімінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 мамырда № 4790 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Жаңаталап ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңаталап ауылындағы Строительная көшесі – Құрылысшылар көшесі болып, Жаңаталап ауылындағы Нуринская көшесі – Қазақстан көшесі болып, Жаңаталап ауылындағы Заречная көшесі – Сарыарқа көшесі болып, Жаңаталап ауылындағы Новая көшесі – Астана көшесі болып, Жаңаталап ауылындағы Школьная көшесі – Болашақ көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңаталап ауылының әкімі*

*Т. Амангелдин*